

## Мерей ауылдық округінің кейбір елді-мекендеріндегі көше аттарын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 18 мамырдағы N 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2011 жылғы 7 маусымда N 7-11-141 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып,

### Ш Е Ш Е М І Н :

1. Мерей ауылдық округінің кейбір елді-мекендеріндегі келесі көше аттары өзгертілсін :

- 1) Мерей ауылы бойынша :
  - Центральная көшесі – "И.Тайманов" атындағы көшесіне;
  - Советская көшесі – "Д.Қонаев" атындағы көшесіне;
  - 40-лет Победы көшесі – "Жеңіс" көшесіне;
  - Набережная көшесі – "Жылысай" көшесіне;
- 2) Айнабұлақ ауылы бойынша :
  - Чапаев көшесі – "Азат" көшесіне;
  - Северная көшесі – "Көк терек" көшесіне;
  - Родниковая көшесі – "Бұлақты" көшесіне;
- 3) Өркен ауылы бойынша :
  - Рабочая көшесі – "Еңбекшілер" көшесіне;
  - Зерновая көшесі – "Ақбидай" көшесіне;
  - Октябрьская Революция көшесі - Бейбітшілік көшесіне;
- 4) Аққайнар ауылы бойынша :
  - Школьная көшесі – "Сарбаздар" көшесіне;
  - Кооперативная көшесі – "Бірлік" көшесіне;
  - Новостройка көшесі – "Өркен" көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округнің әкімі

Қ.Тәшімов

М е р е й а у ы л ы қ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК